

**Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің мұрағат жұмыстары бөлімшесімен прокуратура органдары арқылы қылмыстық істерді қозғаудан бас тарту туралы қаулылары шыққан қысқартылған қылмыстық істер мен материалдарды қабылдау және беру Ережесін бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2006 жылғы 18 қаңтардағы N 7 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 11 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 4087. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2022 жылғы 5 қыркүйектегі № 179 бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Бас Прокурорының 05.09.2022 № 179 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының мұрағат қызметтерінің жетілдірілуі мақсатында, "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 4-1) тармақшасын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН :**

1. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің мұрағат жұмыстары бөлімшесімен прокуратура органдары арқылы қылмыстың істерді қозғаудан бас тарту туралы қаулылары шыққан қысқартылған қылмыстық істер мен материалдарды қабылдау және беру туралы қоса берілген Ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуіне шара қабылдасын;

2) бұйрық орындалу үшін Құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілеріне және Комитеттің аумақтық органдарына жолдансын.

3. Осы бұйрықтың орындалуындағы бақылау Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасары - Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті Төрағасына ( Г.В.Ким) жүктелсін.

4. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының "Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің мұрағаттық бөлімшелерімен қысқартылған қылмыстық істерді және бас тарту материалдарды қабылдау және берудің бірыңғай тәртібі туралы"

Нұсқаулықты бекіту жөнінде" 1999 жылғы 8 маусымдағы N 40 бұйрығы күшін жойды деп танылсын.

5. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Бас прокуроры

КЕЛІСІЛГЕН:

Қазақстан Республикасы

Жоғарғы сотының Төрағасы

2005 жыл 18 қараша

Қазақстан Республикасы

Ұлттық қауіпсіздік

комитетінің Төрағасы

5 желтоқсан 2005 жыл

Қазақстан Республикасы

Экономикалық және сыбайлас

жемқорлық қылмыспен күрес

жөніндегі агенттігінің

Төрағасы (қаржы полициясы)

10 қаңтар 2006 жыл

Қазақстан Республикасының

Қорғаныс Министрі

2005 жыл 22 қазан

Қазақстан Республикасының

Ішкі істер Министрі

2005 жыл 10 қараша

Қазақстан Республикасының

Әділет министрі

2006 жыл 10 ақпан

Қазақстан Республикасының

Төтенше жағдайлар бойынша

Министрі

2005 жыл 22 қыркүйек

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігінің  
Кедендік бақылау комитетінің  
Төрағасы-Вице-министр  
2005 жыл 7 қазан

Қазақстан Республикасы  
Бас Прокурорының  
2006 жылғы 18 қаңтардағы  
N 7 бұйрығымен бекітілген

**Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің мұрағат жұмысы бөлімшелерімен прокуратура органдары арқылы қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы қаулы шығарылған қысқартылған қылмыстық істерді және материалдарды қабылдау және беру Ережесі**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің мұрағат жұмысы бөлімшелерімен прокуратура органдары арқылы қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы қаулы шығарылған қысқартылған қылмыстық істер және материалдарды қабылдау және беру Ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді.

2. Осы Ережелер Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің (бұдан әрі - Комитет) мұрағат жұмысы бөлімшелерімен прокуратура органдары арқылы қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы қаулы шығарылған қысқартылған қылмыстық істерді және материалдарды қабылдау және беруді реттейді.

Осы Ережелердің талаптары құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының барлық субъектілеріне және Комитеттің аумақтық органдарына таратылады.

3. Комитеттің мұрағат жұмысы бөлімшелері аумақ бойынша сақтау үшін қылмыстық қудалау органдарынан қысқартылған қылмыстық істерді және прокуратура органдары арқылы қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы қаулы шығарылған материалдарды (бұдан әрі - бас тарту материалдарды) қабылдайды.

Шешім қылмыстық қудалау органдарымен қабылданған бас тарту материалдарына сәйкес органның мұрағат жұмысы бөлімшесінде сақталады.

4. Мұрағатқа тапсырылатын қысқартылған қылмыстық істер және бас тарту материалдары осы Ережелердің талаптарына, сондай-ақ Заңға сәйкес ресімделеді.

## **2-тарау. Қысқартылған қылмыстық істерді және бас тарту материалдарын қабылдау тәртібі**

5. Істі ресімдеу барысында қағаз тысына жоғарыдағы органның ресми атауы және қылмыстық қудалау органдарының және мекемелерінің ресми атаулары, қылмыстық істің нөмірі, қысқаша фабула (Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің бабы) және істің сақталу мерзімі белгіленеді. Істе бірнеше томдардың (қосымшалардың) бар болуында, қылмыстық істің аталған нөмірі, қысқаша фабуласы (Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің бабы) әр томда (қосымшада) том нөмірлерінің белгіленуімен қатар қайталанып қойылады. Қағаз тысындағы жазулар жарыққа шыдамды сиямен жазылады.

6. Мұрағатқа тапсырылатын әр іс қатты қағазға мықты жіппен төрт айналым арқылы тігілуі керек. Істе металл заттар қалдырылмауы қажет.

7. Әр том 250 парақты құрастыру керек. Істегі әр парақтар графиктік қарындашпен нөмірленеді (әр том бөлек нөмірленеді), барлық құжаттар ішкі тізімдемеге енгізіледі. Тізімдеме соңында істі аяқтаған қызметкермен оның лауазымы мен тегін белгілеу арқылы қорытынды жазба жазылады.

8. Іске орындаушының сәйкес белгісіз, қатыссыз құжаттарды, сондай-ақ қолданылған қағаздарды, көшірмелерді, қайтарылуға жататын жеке құжаттарды тігуге тыйым салынады. Іске тігілуге мүмкін болмайтын құжаттар ішкі тізімдемеге енгізіледі және іске тігілетін (жапсырылатын) конверттерге салынады.

9. Әр істің (томның) соңында арнайы тігілген парақта істің (томның) нөмірленген парақтарының саны жазба арқылы қорытындыланып жазылады. Қажет жағдайда нөмірлеудің қателіктері ескеріліп, істен алып тасталған парақтар саны бейнеленеді. Өндірісінде іс болған тұлға арқылы оның лауазымы мен тегінің белгіленуімен қорытынды жазба жазылады және жеке қолы қойылады, сондай-ақ "Пакеттер үшін" мөрі басылады.

10. Мұрағатқа тапсырылатын қысқартылған қылмыстық істер мен бас тарту материалдарына өндірісінде істер болған тұлғалар екі данада осы Ережелердің 1 және 2 қосымшаларына сәйкес N 3 және N 3-А нысанды тапсырыс тізімдемелерін және осы Ережелердің 3 қосымшасына сәйкес N 4 нысанды кәртішкелерді құрастырады. Мұрағат қызметкері тізімдеменің барлық даналарына қысқартылған қылмыстық істерді және бас тарту материалдарын

қабылдағаны туралы қол қояды және оларда тізімдеме нөмірін белгілейді, содан соң "Анықтамалар үшін" мөрін басады. Тізімдеменің бірінші данасы мұрағатта қалады, ал екіншісі тапсырушыға қайтарылады.

11. Қысқартылған қылмыстық істер қылмыстық істің қысқартылуы туралы қаулы бар болған жағдайда сақталу үшін мұрағатқа қабылданады. Оған екі данадағы тапсырыс тізімдемесімен ілеспе хат қосылады. Ілеспе хатта істің тіркеу нөмірі, айыпталушы туралы мәліметтер немесе қылмыстың қысқаша дерегі (оқиғасы), істің әр томының парақтар саны белгіленеді, хаттың соңына істі тапсырған орган жетекшісінің қолы қойылады. Мұрағат қызметкері қысқартылған қылмыстық істерді қабылдауда оның әр данасына қолын қояды, "Анықтамалар үшін" мөрін басады.

12. Қысқартылған қылмыстық істер мұрағатқа сәйкес ақпаратының есепке алу құжаттары, тапсырыс тізімдемесіне сәйкес белгі қойылғаннан соң қабылданады.

13. Мұрағат бөлімшелеріне төмендегі мәселелері шешілмеген қысқартылған қылмыстық істер қабылданбайды:

- 1) айғақ заттар туралы;
- 2) алынған материалдық және басқа да құндылықтар;
- 3) мүлікті тұтқындау туралы;
- 4) таңдалған бұлтартпау шараларының және басқа да процессуалды мәжбүрлеулердің алынуы туралы;
- 5) заңда белгіленген тұлғаларды ескерту туралы;
- 6) жеке тұлғаны куәландыратын құжаттардың түпнұсқалары туралы;
- 7) қабылданған шешімнің нақтылығы туралы лауазымы, тегі, күні және қолының белгіленуімен прокурордың, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының тергеу және анықтау заңдылықтарын қадағалау бойынша департаментінің, Астана, Алматы қалалары прокурорларының, облыстық және оларға теңестірілген прокурорлардың тыйым салу шарасы ретінде тұтқын төмендегі прокурорлармен таңдалған тұлғаларға қатысты қылмыстық істің қысқартылуының нақтылығы туралы қылмыстық іс бойынша процессуалдық шешімнің қабылдануы жөніндегі қорытындылардың болмауында.

14. Қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы қаулыда қадағалаушы прокурордың қабылданған шешіммен келісімі туралы рұқсаты (күні, лауазымы, прокурордың аты-жөні және қолы) болмаған жағдайда бас тарту материалдары қабылданбайды.

15. Қылмыстық қудалау органының қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы қаулысымен келісуі барысында, прокурор бас тарту материалдарын мұрағатқа және сақтау ұйымына тапсыру үшін тергеу және анықтау органдарына жолдайды. Қылмыстық істі қозғаудан бас тартылған материалдар N 3-А нысанды

тапсырыс тізімдемесімен қоса прокуратура органдары арқылы Комитеттің аумақтық мұрағат жұмысының сәйкес бөлімшелеріне тапсырылады.

16. Қысқартылған қылмыстық істер сақталуы үшін ілеспе хатпен және N 3 нысанды тапсырыс тізімдемесімен қылмыстық істің қысқартылуы туралы қаулы шығу сәтінен бір ай кешіктірілмей қадағалаушы прокурормен Комитеттің аумақтық мұрағат жұмысының сәйкес бөлімшелеріне беріледі.

### **3-тарау. Қысқартылған қылмыстық істерді және бас тарту материалдарын беру тәртібі**

17. Қысқартылған қылмыстық істерді және бас тарту материалдарын талап ету туралы сұрау келіп түскен жағдайда, қысқартылған қылмыстық істер, бас тарту материалдары мұрағат бөлімшелерімен сотқа, прокурорға тергеу және анықтау органдарына және оларға сұрау салған органдарға беріледі.

Бір ведомствоның қылмыстық қудалау органының қысқартылған қылмыстық істері, бас тарту материалдары қадағалаушы прокурор арқылы басқа ведомствоның қылмыстық қудалау органына берілуі мүмкін. Қысқартылған қылмыстық істерге және бас тарту материалдарына салынған сұраулар сәйкес прокуратураларға жолданады.

18. Қысқартылған қылмыстық істер және бас тарту материалдары бір айдан кешіктірілмей қайтарылатын мерзім аралығына беріледі. Прокурор арқылы талап етілген мұрағат ісін жолдауда қылмыстық қудалау органдарына қысқарту немесе қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы қаулының алынуына байланысты қылмыстық істің қысқартылуы немесе қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы қаулының көшірмесі ақпараттық сипаттағы ілеспе хатпен Комитеттің мұрағат жұмысы бөлімшесіне жолданады.

19. Қысқартылған қылмыстық істерді және бас тарту материалдарын беру барысында оның орнына осы Ережелердің 4 қосымшасына сәйкес мұрағат қоры тізімдемесін, іс нөмірін, қолданушының аты-жөнін және күнін белгілеумен уақытша орынбасар-карта жайғастырылады. Іс жұрағат қоймасына қайтарылғаннан соң орынбасар-карта алынады.

20. Істің берілуінде немесе алынуында мұрағат бөлімшесінің қызметкерімен парак нөмірлері және іс құжаттарының жағдайы тексеріледі.

21. Қысқартылған қылмыстық істер және бас тарту материалдары Комитеттің мұрағат жұмысының сәйкес бөлімшелеріне ілеспе хаттың және алғашқы есепке алу құжаттарын қою туралы ақпараттың белгіленуімен ұсынылған қылмыстық істің қысқартылуы туралы және қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы қаулыны алу жөніндегі қаулы көшірмесінің негізінде мұрағаттық есептен алынады.

22. Сұрау салынған қысқартылған қылмыстық істер және бас тарту материалдары берілген уақытынан бір ай мерзім өткен кезде қайтарылуы тиіс. Аталған мерзім ішінде олардың қайтарылуы мүмкін болмаса (мысалы, қорытынды, ғылыми жұмыс және т.б. өткізілуінде), себептерін белгілеу арқылы мұрағат бөлімшесін алдын-ала ескеру қажет. Қысқартылған қылмыстық істер және бас тарту материалдары еш себепсіз өз уақытылы қайтарылмау жағдайында, яғни қайтарылу мерзімінің бұзылуында, мәселені шешу үшін аталған құжатты талап еткен органға кінәлі тұлғаларды жауапқа тарту туралы хат жолданады.

Комитет салыстыру және статистикалық байқау өткізу үшін берілген қысқартылған қылмыстық істерді және бас тарту материалдарына сұрау салуға құқылы.

23. Қысқартылған қылмыстық істерді және бас тарту материалдарын беру барысында N 4 нысанды кәртiшкенiң (3-қосымша) артқы бетiне қысқартылған қылмыстық iстi және бас тарту материалын қабылдаған тұлғаның лауазымы, аты-жөнi, күнi белгiленедi және қолы қойылады. Қайтарылуда мұрағат құжаттары тексерiледi, жоғарыда аталған кәртiшкеге мұрағат нөмiрiн өзгертусiз қайтарылған күн туралы белгi қойылады.

24. Ис материалдарының зақымдануы, жеке парақтарының болмауы, iшкi тiзiмдеме құжаттарының нөмiрленген парақпен сәйкес келмегенi анықталған жағдайда iстi талап еткен орган жетекшiсiне ұсынылатын актi құрылады.

25. Заңмен қаралмаған жағдайда мұрағат бөлімшелерінің қызметкерлеріне сақталу үшін тапсырылған қысқартылған қылмыстық істер және бас тарту материалдарының құжаттарын алуға тыйым салынады.

Қазақстан Республикасы Бас  
прокуратурасы Құқықтық статистика  
және арнайы есепке алу жөніндегі  
комитетінің мұрағат жұмысы  
бөлімшелерімен прокуратура  
органдары  
арқылы қылмыстық істі қозғаудан бас  
тарту туралы қаулы шыққан  
қысқартылған қылмыстық істерді және  
материалдарды қабылдау және беру  
Ережелеріне 1 қосымша

N 3 нысан

Орган, құрылымдық бөлімше атауы

N \_\_\_\_\_ қор

N \_\_\_\_\_ тізімдеме

Мұрағат бөлімшелеріне тапсырылатын қысқартылған қылмыстық істер

N	Істің мұрағат	Істің тіркеу	Томдар	Әр томдағы парақтар	Айыпталушы- лардың аты-жөндері немесе қылмыс
---	------------------	-----------------	--------	------------------------	---

П/П	нөмірі	(есепке алу нөмірі)	саны	саны	оқиғасының қысқаша мазмұны
1	2	3	4	5	6

**кестенің жалғасы**

Істің қозғалу себептері бойынша ҚК бабы	Істің қысқартылуы туралы қаулының күні	Іс қысқартылған ҚІЖК бабы	Істің сақталу мерзімі	Тізбе баптары	Ескерту
7	8	9	10	11	12

Тізімдемеге \_\_\_\_\_ істер \_\_\_\_\_ томдарда,  
(жазба сандарымен) (жазба сандарымен)

тізімдемені құрастырды

лауазымы \_\_\_\_\_ аты-жөні \_\_\_\_\_  
күні \_\_\_\_\_

Тапсырушы-бөлімше жетекшісі \_\_\_\_\_ аты-жөні \_\_\_\_\_  
күні \_\_\_\_\_

Істі тапсырды  
лауазымы \_\_\_\_\_ аты-жөні \_\_\_\_\_  
күні \_\_\_\_\_

Істі қабылдады  
лауазымы \_\_\_\_\_ аты-жөні \_\_\_\_\_  
күні \_\_\_\_\_

Мұрағат жұмысы бөлімшесінің есепке алу құжаттарына өзгерістер енгізілді:  
лауазымы \_\_\_\_\_ аты-жөні \_\_\_\_\_  
күні \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ аты-жөні \_\_\_\_\_  
күні \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы Бас  
прокуратурасы Құқықтық статистика  
және арнайы есепке алу жөніндегі  
комитетінің мұрағат жұмысы  
бөлімшелерімен прокуратура  
органдары  
арқылы қылмыстық істі қозғаудан бас  
тарту туралы қаулы шыққан  
қысқартылған қылмыстық істерді және  
материалдарды қабылдау және беру  
Ережелеріне 2 қосымша

Орган, құрылымдық бөлімше атауы

N \_\_\_\_\_ қор

N \_\_\_\_\_ тізімдеме



Мұрағат бөлімшелеріне тапсырылатын бас тарту материалы

N П/ П	Бас тарту материалының мұрағат нөмірі	Материалдық тіркеу (есепке алу) нөмірі	Томдар саны	Әр томдағы парақтар саны	Қылмыстық істі қозғаудан бас тартылған тұлғаның аты-жөні немесе оқиғаның қысқаша мазмұны	Қылмыстық істі қозғаудан бас тарту күні	Материалдың сақталу мерзімі	Тізбе баптары	Ескерту
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Тізімдемеге \_\_\_\_\_ істер \_\_\_\_\_ томдарда,  
(жазба сандарымен) (жазба сандарымен)

тізімдемені құрастырды

лауазымы \_\_\_\_\_ аты-жөні \_\_\_\_\_  
күні

Тапсырушы-бөлімше жетекшісі \_\_\_\_\_ аты-жөні \_\_\_\_\_  
күні

Істі тапсырды  
лауазымы \_\_\_\_\_ аты-жөні \_\_\_\_\_  
күні

Істі қабылдады  
лауазымы \_\_\_\_\_ аты-жөні \_\_\_\_\_  
күні

Мұрағат жұмысы бөлімшесінің есепке алу құжаттарына өзгерістер енгізілді:  
лауазымы \_\_\_\_\_ аты-жөні \_\_\_\_\_  
күні

Қазақстан Республикасы Бас  
прокуратурасы Құқықтық статистика  
және арнайы есепке алу жөніндегі  
комитетінің мұрағат жұмысы  
бөлімшелерімен прокуратура  
органдары  
арқылы қылмыстық істі қозғаудан бас  
тарту туралы қаулы шыққан  
қысқартылған қылмыстық істерді және  
материалдарды қабылдау және беру  
Ережелеріне 3 қосымша

N 4 нысан

\_\_\_\_\_ Қор мұрағат нөмірі \_\_\_\_\_

Қысқартылған қылмыстық іске

КӘРТІШКЕ

Бет жағы

1. Қылмыстық іс нөмірі \_\_\_\_\_

(жылы, аудан, іс нөмірі)

2. Аты-жөні \_\_\_\_\_

3. Қылмыстық істі қозғау бабы \_\_\_\_\_

4. Қылмыстық істі қысқарту бабы \_\_\_\_\_

5. Қылмыстық істі қысқарту бабы \_\_\_\_\_

артқы бет жағы

(қысқартылған қылмыстық істі уақытша қолдануға беру және қайтарып алу, алып қою және жою туралы белгі)

\_\_\_\_\_

—

\_\_\_\_\_

—

\_\_\_\_\_

—

\_\_\_\_\_

—

Ескерту

1. Тегі, аты, әкесінің аты баспа әріптермен жазылады немесе жазба машинкасымен басылады.

2. Егер қылмыстық іс бойынша бірнеше тұлғалар қатысқан жағдайда әрқайсысына жеке кәртішке толтырылады.

А6 (105x148) формат

Қазақстан Республикасы Бас  
прокуратурасы Құқықтық статистика  
және арнайы есепке алу жөніндегі  
комитетінің мұрағат жұмысы  
бөлімшелерімен прокуратура  
органдары  
арқылы қылмыстық істі қозғаудан бас  
тарту туралы қаулы шыққан  
қысқартылған қылмыстық істерді және  
материалдарды қабылдау және беру  
Ережелеріне 4 қосымша

ОРЫНБАСАР-КАРТА

Орган, құрылымдық бөлімше атауы

N \_\_\_\_\_ қор

N \_\_\_\_\_ тізімдеме

	Істің			Істі берген	Істі қабылдаған
--	-------	--	--	-------------	-----------------

N П/П	мұрағат нөмірі	Томдар саны	Беру күні	қызметкердің қолы (аты-жөні)	қызметкердің қолы (аты-жөні)
1	2	3	4	5	6

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК